

Бекітемін:  
«Күншуақ» бөбекжай балабақшасы»  
Жеке меншік мекемесінің әдіскері  
А.Ә.Жақсылықова

## « Бақытты балалық шақ !»



Тәрбиеші: Байбақова Жайнагүл

2024 ж Таушық

Мақсаты: « Балаларды қорғау күні» туралы түсініктерін бекіту. Ойын сауықта ән айтып, би билету арқылы балалардың белсенділіктерін арттыру. Балаларды өзін құрметтеуге, әлеуметтік, мәнділік сөзімен, жеке тұлға ретінде, көрсете білуге тәрбиелеу.

**Аяна:** Салеметсіздерме, мерекеге жиналған қонақтар, ұстаздар, балалар.

Армысыңдар балалар, бармысыңдар

Жазда келді, жайнаған гүлді шыңдар.

Алдыменен алайық амандасып,

Армысыңдар бәріңде, бармысыңдар.

**Жүргізуші:** Құрметті әріптестер, қымбатты бүлдіршіндер мен сәбилер! 1-Маусым балаларды қорғау күні құтты болсын. Барлығыңызға ашық аспан, бейбіт өмір, сәбилерге бақытты балалық шақ, әрқашан сыңғырлаған күлкі тілейміз.

Баршамызды бала тілімен баурайтын,

Бала дейтін бір бақыт қой самғайтын,

Ата –ананың арманы мен тілегін,

Бала емеспе? бал бұлақтан жалғайтын,

Сүп-сүйкімді періштелер сендерсіңдер,

Қандай бейне өздеріңмен тең келетін,

Данышпанда, ғарышкерде, ғаламда,

Ен алдымен балалықты меңгерген,

**Аяна:**

Алдарыңызда балабақшамыздың ұстаздары « Күншуақ» атты әнімен қарсы алыңыздар.

**Жүргізуші:**

Думандатып бақшада

Қызықты той басталсын.

Балабақша бүлдіршіндері

Тақпақтарын шырқасын.

**Аяна:**

Кезекті бүлдіршіндеріміздің тақпақтарына кезек береміз.

**Жарас:**

Бала, бала баламыз.

Бақшамызға барамыз,

Одан көп-көп қызықтар,

Күнде біздер аламыз.

**Аянат:**

Балғындардың үніне,

Көктемдегі бұлақтар,

Балғындардың жүзңне,  
Жазғы жайма шуақтар.

**Аршат:**

Балғындардың көзінде,  
Тазалықтың сәні бар  
Балғындардың сөзінде,  
Даналықтың дәні бар.

**Нұрхан:**

Әзір титтей бойымыз,  
Әзір балаң ойымыз,  
Тек қуамыз ойын біз,  
Дегенменде күн санап,  
Өсіп келе жатырмыз,  
Беске толған батырмыз.

**Ақбөбек.**

Біз бақытты баламыз,  
Ақылдымыз данамыз.  
Ертеңгі күні еліміздің,  
Батырлары боламыз.

**Аяна:** Жайнагүл Атшайқызы, сіз «Қуыршақ» әнін білесіз бе?

-жоқ Аяна білмеймін.

Мен білемін, осы мерекеге арнап достарыммен осы әнді орындағым келеді.

-әрине, келесі кезекті «Қуыршағым» әніне берейік, қабыл алыңыздар.

**Ән « Қуыршағым»**

**Жүргізуші:**

Аяна саған ертегі әлемі таныс па? Бізге ертегі әлемінен Тәттібек қонаққа келіпті. «музыка»

**Жүргізуші:** Тәттібек қош келдің, бізде бүгін мереке.

**Тәттібек:** Салеметсіздерме балалар. Қандай мерекені тойлап жатсыңдар?

**Балалар:** Балаларды қорғау күні.

**Тәттібек:** Менде сендермен тойласам болама? Мен сендерге таттілерімді ала келдім. Ол үшін сендермен «Тәтті» ойынын ойнайық.

**Аяна:**

Қуаныштан шаттанып  
Той-тойлайық алақай,  
Көңілденіп шаттанып,  
Би билейік балақай.

Келесі кезекте бүлдіршініміздің биіне кезек береміз.

**Би: Халық биі**

**Жүргізуші:**

Гүлмен келсін келер күн,  
Бала бағы бар елдің,  
Балалардың күлкісі,  
Көркі, сәні әлемнің.  
Келесі кезекті «Үйшік» ертегісіне береміз.

**«Үйшік» ертегісі**

Тышқан- Әлинұр.  
Бақа-Нұрдос,  
Қоян- Ақансері  
Түлкі- Жарас,  
Қасқыр- Азат,  
Аю- Нұрхан.

**Жүргізуші:**

Біз сүйеміз бейбіт күнді,  
Бейбіт күнде туғанбыз,  
Біздің өмір күндей нұрлы  
Бақыт құшақ атқанбыз.  
Балабақшамыздың түлегі Сұлтан Исматты «Ұстазға арнау» әнімен ортаға шақырамыз.

**Жүргізуші:**

Қоштасып мен бүгін балалықпен,  
Қоштасамын сиқырлы балабақпен.  
Танысып мектеп деген әлемменен,  
Достасамын біліммен, даналықпен.  
Мінекей бүгін біздің тобымыздан Аяна, Әмина, Азат, Аршат деген балапандарымыз үлкен азамат болып, мектеп табалдырығын аттауға кеткелі отыр. Сіздерге ақ жол тілеймін, бөбектер.Сапарларың оң болсын! Ендігі сөз кезегін балабақшамыздың басшысы А.Е. Баяноваға береміз.

**Марапаттау сәті**

Жүргізуші: Осымен балалар 1- маусым балалар күніне арналған ертеңгілігіміз айяқталды. Келгендеріңізге рахмет. Сауболыңыздар.

